

**«Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына
ЕСКЕРТУЛЕР мен ҰСЫНЫСТАР
(Үкіметтің бастамасымен)**

«Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлары) туралы» Заң жобасын (бұдан әрі — заң жобасы) қарап, Парламентаризм институты сарапшыларының келесі ескертулері мен ұсыныстарын жолдаймыз.

1. Заң жобасының 9-бабы 2-тармағында нысаналы капитал қорын басқару органдарының мүшелерін тағайындау, аластату тәртібі, сондай-ақ өкілеттіктері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында және нысаналы қордың жарғысында айқындалатындығы көрсетілген. Басқару органдарына кәсіби білікті тұлғаларды барынша енгізуді қамтамасыз ету мақсатында заң жобасында осы тұлғаларға тиісті талаптарды бекіткен жөн.

2. Заң жобасының 15-бабы 1-тармағында салымшылардың нысаналы капитал қорын басқаруға нысаналы капитал қорын басқарудың құрылтай және өзге де құжаттарында белгіленген шарттарда қатысуға құқығы бар деп көзделген. Осылайша, заң жобасы құрылтай құжаттарына салымшылардың қатысу мүмкіндігін көздейді. Айқындықты қамтамасыз ету және корпоративтік сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау үшін заң деңгейінде салымшылардың қатысуы жағдайын көздеу қажет деп пайымдаймыз.

3. Заң жобасының 16-бабының 3-тармағында үлестес тұлғалар туралы мәліметті ашу тәртібі нысаналы капитал қорының жарғысында белгіленетіні көзделген. Қолданыстағы заңнама мақсаттарына қарай үлестес тұлғаларды белгілейді. Мысалы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 64-бабында үлестес тұлғалардың тізімі берілген. Нысаналы капитал қоры қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнама бойынша үлестес тұлғалардың тізбесін заң деңгейінде белгілеу қажет.

4. Заң жобасының 16-бабының 5-тармағында нысаналы капитал қорының жасауға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешім үлестестігіне байланысты оны жасауға мүдделі емес қамқоршылық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданатыны көзделген. Заң жобасында мәміле жасауға мүдделестігі бар екенін белгілеуге болатын шарттар анықталмаған. Тиісті шарттарды анықтау керек.

5. Заң жобасының 2-бабының 1-тармағына сәйкес эндаумент-қор қалыптастырудың және (немесе) толықтырудың мақсаты эндаумент-қордан инвестициялық кіріс алу жолымен меценаттық қызмет объектілерін қаржылық қолдау болып табылады. Бұл ретте, заң жобасының 18-бабының 2-тармағына сәйкес «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меценаттық қызмет объектілерін қаржыландыруға арналған активтерді эндаумент-қор құрамына енгізуге жол берілмейді. Заң жобасының 1-бабының 17) тармақшасында эндаумент-қор анықтамасы беріледі, онда эндаументтер мен инвестициялық кіріс, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымның меншікті

қаражаты есебінен қалыптастырылатын және (немесе) орындалатын және меценаттық қызмет объектілерін қаржыландыру үшін пайдаланылатын нысаналы капитал қоры мүлкінің бір бөлігі ретінде түсініледі.

Жоғарыда жазылған ережелер дұрыс жазылмаған, өйткені олар эндаумент-қорының активтері қандай мақсатқа бағытталғанын және эндаумент-қорына не кіретінін нақты белгілеуге мүмкіндік бермейді. Нормаларды орынсыз қолдануды болдырмау үшін ережелерді пысықтау керек.

6. Заң жобасының 24-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне сәйкес эндаумент-қорлар активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы құралдарының тізбесі, сондай-ақ оларды инвестициялау тәртібі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау органы бойынша уәкілетті органның **құқықтық** актілерінде айқындалады.

Құқықтық актінің орнына нормативтік құқықтық акт деңгейінде эндаумент-қорлардың активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының тізбесін бекітуді көздеу керек.

7. Заң жобасының 24-бабының 5-тармағына сәйкес эндаумент-қорының активтері басқарушы компанияның сенімгерлік басқаруына берілгенге дейін тек екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне инвестициялануы мүмкін екендігі көзделген. Банктік депозиттерге инвестициялау арқылы эндаумент-қордың активтерін осылай пайдалану тиімді және инвестициялық стратегияға сәйкес келе ме?

Осыған байланысты, «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» заң жобасын пысықтау қажет деп пайымдаймыз.